8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының докторанты Сихаева Ақгүл Мейрхановнаның «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторант Сихаева Ақгүл Мейрхановнаның ұсынған «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс қазіргі педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің біріне арналған.

Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігі тек пәндік және әдістемелік біліммен шектелмейді. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, эмоционалдық жағымды орта қалыптастыру, тұлғалық ерекшеліктерін ескеру және оқыту үдерісінде инновациялық әдістерді тиімді пайдалану да маңызды міндеттердің қатарына жатады. Осы тұрғыдан алғанда, арт-технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми негізде зерделеп, оларды болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау үдерісіне енгізу жолдарын айқындау зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыста зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылған. Автор «арт-технология», «болашақ бастауыш білім педагогінің арт-технологияларды қолдануға даярлығы» ұғымдарының мәнін ашып, олардың өзара байланысын ғылыми тұрғыдан негіздеуге ұмтылған. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жүргізілген талдау зерттеу мәселесінің педагогика ғылымындағы орны мен даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік берген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ бастауыш білім педагогтерін арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың теориялық тұрғыдан негізделуімен, оның құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен және педагогикалық шарттарының айқындалуымен сипатталады. Ұсынылған модельдің мақсаттық, мазмұндық, үдерістік және нәтижелік құрамдас бөліктері өзара сабақтастықта берілген. Болашақ педагогтердің даярлық деңгейлерін анықтайтын өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлер жүйесінің ұсынылуы зерттеу нәтижелерінің нақтылығын арттырады.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы – зерттеу барысында әзірленген әдістемелік жүйені, арнайы курсты, оқу-әдістемелік материалдар мен шығармашылық тапсырмаларды жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлау барысында қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесіне кіретін «АРТ-технология теориясы және әдістемесі» деп аталатын арнаулы курс пен «Арт-клуб» жұмысын жүргізудің әдістемелік-технологиялық кешені, студенттерге және

экспериментке қатысушы топтарға дәріс оқитын оқытушыларға арналған «Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындауға арналған оқу ресурстары» тақырыбы бойынша «КӨРКЕМ» атты цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папкасы білім алушылардың тұлғалық болмысын көркем өнер арқылы креативтік қырынан ынталандыратын, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін аша алатын, болашақ педагогтік қызметіне бейімделіп, көркем өнердің педагогтік коммуникативтік шеберлікке үйретететін, цифрлық дәуірдің талаптарын дидактикалық процесте шебер қолдана алатын, көркем өнерді бастауыш білім педагогы ретінде қолдануды іске асыру мотивациясын дамытатын қажетті мүмкіндіктер ашады.

Автор цифрлық контентті оқу материалын электрондық форматта ұсынудың қарапайым тәсілі ретінде ғана емес, болашақ педагогтердің шығармашылық, цифрлық, әдістемелік және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыратын кешенді құрал ретінде сипаттайды. Цифрлық контент пен арт-технологияларды кіріктіру білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыруға, көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіби міндеттерді жаңаша шешуіне ықпал ететіні негізделген.

Зерттеу жұмысында мультимедиалық таныстырылымдар, бейнематериалдар, виртуалды көрмелер, электрондық портфолио, интерактивті тапсырмалар, аудиовизуалды ресурстар және шығармашылық цифрлық платформалар тәрізді контент түрлерінің педагогикалық мүмкіндіктері ашылған. Мұндай ресурстарды арт-технологиялармен ұштастыру болашақ педагогтердің ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, оқу материалын шығармашылық тұрғыдан меңгеруіне жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық арт-контенттің бастауыш сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігін ескеру қажеттігінің көрсетілуі жұмыстың практикалық бағыттылығын арттырады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдері жүйелі ұйымдастырылып, зерттеу мақсатына сәйкес диагностикалық әдістер қолданылған. Алынған нәтижелер сандық және сапалық тұрғыдан салыстырылып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі дәлелденген. Зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне енгізілуі диссертацияның қолданбалық құндылығын арттыра түседі.

Докторант Сихаева Ақгүл Мейрхановна зерттеу жұмысын орындау барысында ғылыми ізденіске бейімділігін, жауапкершілігін және кәсіби табандылығын көрсете білді. Ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу материалдарын жүйелеу, теориялық тұжырымдар жасау және тәжірибелік жұмысты ұйымдастыру барысында зерттеушілік мәдениеті мен академиялық сауаттылығын танытты. Ғылыми жетекшілердің ұсыныстарын дұрыс қабылдап, оларды зерттеу мазмұнын жетілдіруге орынды пайдалана білді.

Докторанттың кәсіби қызметіне де ерекше тоқталған жөн. Оның білім алушыларға тек кеңес беруші маман ретінде студенттердің жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға бағыт-бағдар беруі және академиялық мәселелерін шешуге қолдау көрсетуі педагогикалық шеберлігін байқатады.

Студенттермен қарым-қатынасында әдептілік, сабырлылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алады.

Кафедра ұжымында докторант өзін адамгершілік қасиеті жоғары, әріптестерімен тіл табыса білетін, еңбекқор әрі ізденімпаз маман ретінде көрсетті. Кафедраның қоғамдық, ғылыми және әдістемелік жұмыстарына белсенді қатысып, өзіне жүктелген міндеттерді ұқыптылықпен және белгіленген мерзімде орындайды. Әріптестеріне құрметпен қарап, қажет жағдайда қолдау көрсетуі, сындарлы пікірлерді дұрыс қабылдауы және ұжымдық жұмысқа жауапкершілікпен қатысуы оның кәсіби және адами болмысын айқындайды. Қарапайымдылығы, ашықтығы, ізеттілігі мен адамдарға деген жанашырлығы кафедра ұжымындағы жағымды қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, «АРТ технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс аяқталған, теориялық және тәжірибелік маңызы бар ғылыми зерттеу деп бағаланады. Зерттеу мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді, ал ұсынылған нәтижелер жеткілікті дәрежеде негізделген.

Зерттеу тақырыбының аясында диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 7 ғылыми еңбек жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдарында жарияланды.

Докторант Сихаева Ақгүл Мейрхановнаның диссертациялық жұмысы алдын ала қорғауда оң бағалауға және айтылған ұсыныстар ескерілгеннен кейін келесі қорғау кезеңіне ұсынуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Бастауыш білім беру кафедрасының
қауымдастырылған профессоры
Г.Т. Сәдуақас _____
«____» _____ 2026 ж.